- **Өткір алмастарды ҰСТАМАҢЫЗ.** Алмастар мен дисктер өте өткір, абайлап ұстаңыз. **Ұшы өткір болған кесу жүздерін пайдалану, тостағанды босату және тазалау кезінде қолыңызды әрқашан кесу жиегінен алшақ ұстап, үстіңгі жақтағы саусақпен ұстауға арналған ернеуден ұстаңыз.**
- **Ыстық ингредиенттерді ӨҢДЕМЕҢІЗ.**
- **Асүй комбайнына немесе блендерге ыстық сұйықтық құйылса, абай болыңыз, кенеттен буланып кетсе, сыртқа қарай шашырап төгілуі мүмкін.**
- Іске қосылып тұрғанда құрылғыны ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.
- Ұсынылған пайдалану кестесінде көрсетілген максималды мәндерден аспаңыз.
- **Құрылғыны үзіліссіз төменде көрсетілген уақыттан асыра пайдалануға болмайды. Ұзақ уақыт үздіксіз пайдалану құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.**

Функция/Саптама	Максималды жұмыс уақыты	Жұмыстар арасындағы үзіліс мерзімі
Блендер/Blend-Xtract 2GO	60 сек	Құрылғыны ажыратып, 15 минут суытып алыңыз
Ыдыстағы ауыр қоспалар (мысалы, қамыр)	60 сек	
Шағын ұсақтағыш/ майдалағыш	30 сек	
Ұнтақтағыш	60 сек	

- Өңдеу құралын тұтқасынан ұстап көтермеңіз немесе тасымалдамаңыз, әйтпесе тұтқасы үзіліп, нәтижесінде зақым келтіруі мүмкін.
- Табақтағы затты құймас бұрын әрқашан пышақ алмасын алып тастаңыз.

- Қуат көзіне қосылып тұрғандықтан, қолдарыңыз бен құралдарды өңдеу құралы табағынан және блендер бокалынан алыңыз. Егер тағамды төменге қарай итеру қажет болса, күрекше секілді қолайлы құралды қолданыңыз.
- Егер құрылғы қараусыз қалдырылатын болса және оны құрастырудан, бөлшектеуден немесе тазалаудан бұрын әрқашан оны өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз.
- Беру түтікшесінде төмен итеру үшін ешқашан саусақтарыңызды қолданбаңыз. Әрқашан берілген итеру құралын қолданыңыз.
- **Шыны сауыт/бөтелке немесе ұсақтағыш ыдыс/қақпақ орнатылмаған күйде пышақ жүздерінің жинағын ешқашан қуат блогына орнатпаңыз.**
- **САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Тостағаннан қақпақты алудан бұрын, блендерді немесе ұсақтағышты қуат көзінен ажырудан бұрын:
 - өшіріңіз;
 - тіркемесі/алмастары толығымен тоқтағанша күтіңіз;
 - блендердің шыны сауытын/бөтелкесін немесе ұсақтағыш ыдысты/қақпақты бұрап шығарып алмау үшін абай болыңыз.
- Өңдеу құралын іске қосу үшін қақпақты қолданбаңыз, әрқашан қосу/өшіру жылдамдықты реттегішін қолданыңыз.
- **Ішкі құлып механизміне шамадан тыс күш жұмсалса, бұл құралға зақым келуі немесе зақым келтіруі мүмкін.**
- Рұқсат етілмейтін тіркемені ешқашан қолданбаңыз.
- Зақымдалған құралды ешқашан қолданбаңыз. Оны тексертіңіз немесе жөндетіңіз: «қызмет көрсету және тұтынушыларға кеңес» бөлімін қараңыз.
- Қуат бөлігін, сымды немесе ашаны ешқашан ылғалдамаңыз.
- Артық сымды үстел шетінен немесе жұмыс үстелінен салбыратып қоймаңыз немесе ыстық беттерге тиюін болдырмаңыз.
- Құрылғымен ойнамауын қамтамасыз ету үшін балаларды қадағалау қажет.
- Бұл құралды балалар қолданбау керек. Құрал мен оның сымын балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
- Бұл құрал олардың құралды қауіпсіз қолдануы туралы нұсқау берілсе немесе басқа адамның бақылауында болса және олардың туындауы мүмкін қауіп туралы түсінігі болса, білімі немесе тәжірибесі жеткіліксіз немесе физикалық, сезу немесе ойлау қабілеті нашар адамдар қолдануға арналған.
- Құрылғыны тек үй тұрмысында ғана қолданыңыз. Kenwood компаниясы құрылғыны дұрыс қолданбау немесе осы нұсқауларды орындамау нәтижесінде туындаған ақаулыққа жауапты болмайды.
- Өңдеу құралын, блендерді немесе ұнтағышты дұрыс қолданбау зақым келтіруі мүмкін.

- Максималды мән ең үлкен жүктемені алатын мини чоппер/ұсақтағыш тіркемесіне негізделеді. Өзге тіркемелер азырақ жүктемені алуы мүмкін.

Блендер/Blend-Xtract 2GO

-  **Ыстық ингредиенттерді ӨНДЕМЕҢІЗ.**
- **КҮЙІП ҚАЛУ ҚАУПІ:** Ыстық ингредиенттерді шыны сауытқа/бөтелкеге салудан немесе оларды блендерде араластырудан бұрын оларды бөлме температурасына дейін суыту керек.
- Алмас жинағын ұстаған кезде әрқашан абай болыңыз және тазалаған кезде алмастың кесетін шетін ұстаңыз.
- Блендерді тек қақпағын салып қосыңыз.
- Шыны сауытты/бөтелкені тек бірге жеткізілген алмас бөлігімен ғана пайдаланыңыз.
- Блендерді ешқашан бос іске қоспаңыз.
- Смузи рецептілері — мұздату кезінде қатты массаға айналған мұздатылған ингредиенттерді ешқашан блендермен араластырмаңыз, оларды шыны сауытқа/бөтелкеге қосудан бұрын бөліп алыңыз.

Blend-Xtract 2GO

- Бөтелкеден ешбір ыстық сұйықтықты ішпеңіз.
- Қақпақтан ішкен кезде, сусын қою болатындықтан абайлаңыз. Қалаған нәтижеге қол жеткізу үшін кейбір тәжірибенің қажет болуы мүмкін, әсіресе, қатты немесе пісіп кеткен тағамдарды өңдеген кезде, ингредиенттерінің өңделмей қалуын байқауыңыз мүмкін.
- Мұздатылған ингредиенттерді немесе мұз кубиктерін сұйықтықсыз араластырмаңыз.
- Құрғақ ингредиенттерді ешқашан араластырмаңыз (мыс., дәмдеуіштер, жаңғақтар) немесе блендерді бос іске қоспаңыз.

Ұнтағыш тіркемелері

- Алмас жинағын ешқашан құты/қақпақ салынбайынша, қуат бөлігіне салмаңыз.
- Ұнтағышты құрылғыға салғанда, ешқашан құтыны/қақпақты бұрап, босатпаңыз.
- Өткір алмастарды ұстамаңыз – Алмас жинағын балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.
- Алмастар толығымен тоқтамайынша, ешқашан ұнтағышты алмаңыз.
- Ұнтағыш дұрыс салынбаса, құрылғы жұмыс істемейді.
- Ыстық ингредиенттерді ұнтағышта араластырмаңыз, өңдемес бұрын бөлме температурасында салқындатып алыңыз.

Шағын ұсақтағыш/майдалағыш

- Пластикалық бөліктеріне зақым келтіруі мүмкін болғандықтан, дәмдеуіштерді өңдеу ұсынылмайды.

Ұнтақтағыш

- Құрғатылған куркума тамырын бұл құралдардың көмегімен өңдемеңіз, себебі ол тым қатты болғандықтан, алмастарды зақымдауы мүмкін.

Express Dice/Express Serve тіркемесі мен дискілері

- Турау торы мен дискілер өте өткір; орнату, алып тастау және тазалау кезінде абай болыңыз. **Өткір кесу жүздерін пайдалану, тостағанды босату және тазалау кезінде қолыңызды кесу жиегінен алшақ ұстап, саусақпен ұстауға арналған ернеуден ұстаңыз.**
- Тағамды беріліс түтігінен төмен қарай итеру үшін ешқашан саусағыңызды пайдаланбаңыз. Тек қамтамасыз етілген итергішті пайдаланыңыз.
- Тағамды беріліс түтігінен төмен қарай итеру үшін тым көп күш салмаңыз – тіркемені зақымдап алуыңыз мүмкін.
- Қақпақты алып тастаудан бұрын дисктің толықтай тоқтауын күтіңіз.
- Беріліс түтігінен ыстық сұйықтықтарды құймаңыз.

Express Serve

- Жылжымалы бөлшектерге қол тигізбеңіз. Саусағыңызды тағам шығатын саңылауға салмаңыз.
- Ұстағыш табақша орнатылмаған күйде Текшелеп турағышты немесе Дискілерді пайдаланған кезде құрылғыны жұмыс істетпеңіз. **Егер ұстағыш табақша орнатылмаған болса, тағам табақшаның астына тұрып қалып, тағам шығысынан шықпайды, нәтижесінде тіркемеңіз зақымдалуы мүмкін.**
- Цитрустық жемістерге арналған шырынсыққыш Express Serve құрылғысымен бірге пайдалануға арналмаған. Цитрустық жемістерге арналған шырынсыққышты әрқашан негізгі тостағанмен бірге пайдаланыңыз.

Тазалау

- Қуат блогы мен бұлғауыш жетегінің басын ылғал шүберекпен сүртіп, одан кейін құрғатыңыз. Өзара құлыптау аймағында тағам қалдықтарының жоқ екеніне көз жеткізіңіз ⑧.
- Қуат блогын, алмас жинақтарын немесе бұлғауыш жетегінің басын суға батырмаңыз.
- Алмас жинағы мен бұлғауыш жетегінің басынан басқа тостағанды, қақпақты, итергішті және барлық тіркемелерді/құралдарды қолмен де, ыдыс жуу машинасында да жууға болады.
- Алмас жинақтарын қылшақпен тазалап, ағын судың астында шаю керек.

Токқа қоспас бұрын

- Электр көзінің құрылғының төменгі жағында көрсетілгенмен бірдей екенін тексеріңіз.
- Бұл құрылғы тағаммен бірге қолданылатын материалдар мен заттар бойынша 1935/2004 ЕС ережесіне сай келеді.

Алғаш рет қолданбас бұрын

- 1 Пышақ алмасынан пластикалық алмас орамаларын алыңыз. **Алмастары өте өткір болғандықтан, мұқият болыңыз.** Бұл орамалар тек қана өндіру және тасымалдау кезінде алмасты қорғау үшін қолданылғандықтан, оларды алып тастау қажет.
- 2 Бөліктерін жуыңыз, «күтім көрсету және тазалау» бөлімін қараңыз.

Перне

Өңдеу құралы пернесі

- ① Итеру құралы
- ② Беру түтікшесі
- ③ Қақпақ
- ④ Табақ
- ⑤ Алынбалы жетекші білік
- ⑥ Қуат бөлігі
- ⑦ Жылдамдықты/импульсті реттегіш
- ⑧ «Қауіпсіздік» ішкі құлпы
- ⑨ Сымды сақтау (артында)

Өлшеу функциясы

- ⑩ Кг/фунт түймесі
- ⑪ Қосу/нөл түймесі
- ⑫ Дисплей экраны
- ⑬ Өлшеу табағы

14А Пластикалық блендер (берілген болса)

- a Алмас жинағы
- b Тығыздауыш дөңгелек
- c Бокал
- d Қақпақ
- e Құю саңылауы

14В Шыны блендер (берілген болса)

- a Алмас жинағы
- b Тығыздауыш дөңгелек
- c Бокал
- d Құю саңылауы
- e Қақпақ

С Қалыпты тіркемелер

- ⑮ Пышақ алмасы
- ⑯ Қамыр құралы
- ⑰ Екі жақты бұлғауыш
- ⑱ 4 мм кесу/үгіту дискі
- ⑲ 2 мм кесу/үгіту дискі
- ⑳ Өте ұсақ тор дискісі

Тіркемелер

Төменде тізімделген тіркемелердің барлығы тағамды өңдеу үлгісімен берілмеуі мүмкін. Тіркемелер үлгі нұсқасына байланысты болады. Бумада жоқ тіркемені сатып алу жолын «қызмет көрсету және тұтынушыларға кеңес» бөлімінен қараңыз.

D Қосымша тіркемелер

- ⑳ Цитрус шырынын сыққыш (берілген болса)
- ㉑ Шыныдан жасалған шағын майдалағыш/ұнтақтағыш (берілген болса)
- ㉒ Пластиктен жасалған шағын майдалағыш/ұнтақтағыш (берілген болса)
- ㉓ Ұнтақтағыш (берілген болса)
- ㉔ Blend-Extract 2GO (берілген болса)
- ㉕ Express Dice (берілген болса)
- ㉖ Express Serve (берілген болса)

Тағамды өңдеу құралын қолдану

Сурет 1 – 3

- 1 Алынбалы жетекші білік пен табақты қуат бөлігіне салыңыз.
- 2 Одан кейін табақты қуат бөлігіндегі  белгісімен табақтағы  белгісін туралау арқылы салыңыз, оны ол құлыпталмайынша  сағат тілімен бұраңыз.
- 3 Табақтың жетекші білігіне тіркемені салыңыз.
- Ингредиенттерді қоспас бұрын, әрқашан табақты және тіркемені өңдеу құралына салыңыз.
- 4 Қақпақты жетекші білігінің/құралдың жоғарғы бөлігі қақпақтың ортасында болатындай салыңыз.
- **Өңдеу құралын іске қосу үшін қақпақты қолданбаңыз, әрқашан қосу/өшіру жылдамдықты реттегішін қолданыңыз.**
- 5 Қуат кабелін, одан кейін қуат көзін қосып, қажетті жылдамдықты таңдаңыз. (Ұсынылған пайдалану кестесін қараңыз).

- **Табақ немесе қақпақ ішкі құлыптарына дұрыс салынбаса, өңдеу құралы жұмыс істемейді. Беру түтікшесі мен табақ тұтқасының оң жақ бұрышқа орнатылғанын тексеріңіз.**
- Пульсті (P) қысқа импульс үшін пайдаланыңыз. Пульс реттегіш қалпына қойылғаннан соң іске қосылады.
- 6 Қақпақты, тіркемелерді және табақты алу үшін жоғарыдағы процедураларды керісінше қайталаңыз.
- **Қақпақты алмас бұрын әрқашан өшіріңіз және токтан ажыратыңыз.**

Маңызды

- Өңдеу құралы кофе бұршақтарын майдалауға не ұсақтауға немесе түйіршікті қантты ұнтақ қантқа айналдыруға арналмаған.
- Бадам эссенциясын немесе қоспаларға дәмдеуіштерді қосқан кезде пластикалық заттарға тигізбеңіз, олар тұрақты пішімді беруі мүмкін.

Өлшеу функциясы

Сурет 4

Тағамды өңдеу құралы кірістірілген өлшеу функциясымен жабдықталған, ол ыдыстағы немесе блендер корпусындағы тағамның салмағын тікелей өлшеуге мүмкіндік береді.

- Ең үлкен өлшеу салмағы — 3кг.

Өлшеу функциясын қолдану үшін

- 1 Әрқашан ыдысты, алынбалы негізгі білік пен тіркемені немесе блендер корпусын тағамдарды қоспас бұрын қуат бөлігіне қойыңыз.
- 2 Токқа қосу – дисплей экраны жыпылықтауды жалғастырады.
- 3 ҚОСУ/НӨЛ түймесін бір рет басыңыз және дисплей экраны жанады.
- 4 Грамды немесе унцияны таңдау үшін (кг/фунт) түймесін басыңыз. Дисплей алғаш рет қосылған кезде кг/г үшін әдепкі болады.
- Бөлік 1 г-нан артық тағамдарды өлшеуге арналған және шай қасық/ас қасық өлшемдері аз мөлшердегі заттарды өлшеуге арналған.
- Нөл мәні үшін ҚОСУ/НӨЛ түймесін бір рет басыңыз.
- 5 Ингредиенттерді тікелей тостағанда немесе шыны сауытта өлшеңіз.
- 6 Барлық ингредиенттерді өлшегеннен кейін қақпақты орнатып, процессорды жұмыс істету үшін қажетті жылдамдықты таңдаңыз.
- Өңдеу құралы іске қосылғанда кез келген қосымша тағамның салмағы бағыттауыш түтікшеге қосылғанда дисплей экранында көрсетілмейді.

- Дисплей экранын қолмен өшіруге болады, ол үшін ҚОСУ/НӨЛ түймесін бірнеше секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.

Өлшеу функциясын пайдалану кезінде қандай да бір мәселе туындаса, ақаулықтарды жою нұсқаулығын қараңыз.

Өлшеу табағы

Алынбалы өлшеу табағы ыдыссыз немесе блендерсіз тағамдардың салмағын өлшеу үшін берілген.

Пайдалану үшін науаны қуат блогының үстіне орнатып, бекіту үшін сағат тілімен бұраңыз. Одан кейін «Өлшеу функциясын пайдалану» бөлімінде берілген 2-4 қадамдарды орындаңыз.

Алу үшін науаны сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, оны көтеріп алыңыз.

Тіркемелерді қолдану

Әрбір тіркеменің мәнін ұсынылған пайдалану кестесінен қараңыз.

14A Пластикалық блендер (берілген болса)

Блендерді қолдану

Сурет 5 - 7

- 1 Тығыздауыш дөңгелегін алмас бөлігіне салыңыз – тығыздауыштың ойылған аймаққа дұрыс салынғанын тексеріңіз.
- **Тығыздауышқа зақым келсе немесе дұрыс салынбаса, ағуы мүмкін.**
- 2 Алмас жинағының төменгі жағынан ұстап, алмастарды бокалға салыңыз, қауіпсіздендіру үшін оны сағат тіліне қарсы бұраңыз. Келесі сияқты алмас жинағының төменгі жағындағы суреттерге қараңыз:
 - – Құлыпталмаған қалып
 - – Құлыпталған қалып
- 3 Ингредиенттерді бокалға салыңыз.
- 4 Қақпақты бокалға салыңыз және қауіпсіздендіру үшін төмен басыңыз. Құю саңылауын салыңыз.
- 5 Блендерді қуат бөлігіне салыңыз блендердегі белгіні ■ қуат бөлігіндегі ■ белгісімен туралаңыз және оны құлыптау үшін сағат тілімен бұраңыз.
- **Блендер ішкі құлпына дұрыс салынбаса, құрылғы жұмыс істемейді.**

14B Шыны блендер (берілген болса)

Блендерді қолдану

Сурет 8 - 10

- 1 Тығыздауыш дөңгелегін алмас бөлігіне салыңыз – тығыздауыштың ойылған аймаққа дұрыс салынғанын тексеріңіз.
 - **Тығыздауышқа зақым келсе немесе дұрыс салынбаса, ағуы мүмкін.**
- 2 Бокалды алмас жинағына бұрап салыңыз. Келесі сияқты алмас бөлігінің төменгі жағындағы суреттерге қараңыз:
 - ❑ – Құлыпталмаған қалып
 - ❑ – Құлыпталған қалып
- 3 Ингредиенттерді бокалға салыңыз.
- 4 Қақпақты бокалға салыңыз және қауіпсіздендіру үшін төмен басыңыз. Құю саңылауын салыңыз.
- 5 Блендерді қуат бөлігіне салыңыз блендердегі белгіні ❑ қуат бөлігіндегі ❑ белгісімен туралаңыз және оны құлыптау үшін сағат тілімен бұраңыз.
 - **Блендер ішкі құлпына дұрыс салынбаса, құрылғы жұмыс істемейді.**

Пайдалы кеңестер

- Майонез жасаған кезде, майдан басқа ингредиенттерді блендерге салыңыз. Мойын қақпағын алып тастаңыз. Одан кейін құрылғы іске қосылғанда, қапақтағы тесік арқылы майды жайлап құйыңыз.
- Қою қоспалар, мысалы, паштет және тұздықтар, қырып алуды қажет етуі мүмкін. Қоспа өңдеуге қиын болса, аздап сұйықтықты қосыңыз.
- Бөліктерді өңдеу ұсынылмайды, себебі пластикалық бөліктерге зақым келуі мүмкін.
- Құрғақ ингредиенттерді блендерден өткізу үшін, бөліктерге бөліңіз, мойын қақпағын алып тастаңыз, одан кейін құрал іске қосылғанда бөліктерді бір-бірілеп тастаңыз. Іске қосқан кезде, қолыңызды әрі ұстаңыз. Ең жақсы нәтижелер үшін жиі босатып тұрыңыз.

15 Пышақ алмасы

«Тағамды өңдеу құралын қолдану» тармағының астындағы нұсқауларды орындаңыз.

Пайдалы кеңестер

- Үлкен құрылымдар үшін пульс реттегішін қолданыңыз.

- Ет, нан, көкөністер сияқты тағамды шамамен 2 см бөліктерге бөліңіз.
- Печеньені бөліктерге бөлу керек және құрылғы іске қосылып тұрғанда тағам түтікшесіне қосыңыз.
- Тым қатты өңдеп жібермес үшін сақ болыңыз.
- Кондитерлік өнімді жасаған кезде майды тікелей тоңазытқыштан алып, 2 см бөліктерге бөліңіз.

16 Қамыр құралы

Ашытылған қамыр қоспалары үшін қолданыңыз.

«Тағамды өңдеу құралын қолдану» тармағының астындағы нұсқауларды орындаңыз.

Пайдалы кеңестер

- 60 секундтан ұзақ өңдемеңіз.
- Құрғақ ингредиенттерді табаққа салып, құрылғы іске қосылып тұрған кезде сұйықтықты беру түтікшесіне салыңыз. Жұмсақ иілгіш қамыр шары жасалмайынша өңдеңіз.
- Тек қолмен қайта илеңіз. Табақта қайта илеу ұсынылмайды, себебі ол өңдеу құралының тұрақсыз болуын туғызуы мүмкін.

17 Екі жақты бұлғауыш

Бұлғауышты қолдану

- 1 Жетек білігі мен тостағанды қуат блогына орнатыңыз.
- 2 Әрбір қалақшаны қауіпсіз білік басына салыңыз.
- 3 Ол жетекші біліктің үстіне түспейінше абайлап бұрау арқылы бұлғауышты салыңыз.
- 4 Ингредиенттерді қосыңыз.
- 5 Біліктің ұшы қақпақтың ортасына салынатындай қақпақты салыңыз.

Пайдалы кеңестер

Маңызды

- **Білік бір барлығын бір кекс қоспасында жасау үшін ыңғайлы емес, себебі бұл қоспалар тым ауыр және оған зақым келтіруі мүмкін. Әрқашан пышақты қолданыңыз.**
- Жұмыртқа бөлме температурасында болған кезде, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.
- Ыдыс пен біліктердің таза болуын және былғамас бұрын май болмауын қамтамасыз етіңіз.

18 - 20 Дисктер

Кесу дисктерін қолдану

- 1 Жетек білігі мен тостағанды қуат блогына орнатыңыз.
- 2 Орталық кесу аймағын ұстап, сәйкес жағын жоғары қаратып дискіні жетекші білікке салыңыз.
- 3 Қақпағын жабыңыз.
- 4 Тағамды беру түтікшесіне салыңыз.
- 5 Қосыңыз және итеру құралымен тегіс итеріңіз, **беру түтікшесіне ешқашан қолыңызды салып итермеңіз.**

Пайдалы кеңестер

- Жаңа ингредиенттерді қолданыңыз
- Тағамды тым кішкентай бөлікке кеспеңіз. Беру түтікшесінің енін тегіс толық етіп толтырыңыз. Бұл өңдеу кезінде тағамның жан-жағына шашырауының алдын алады.
- Жоғары қаратып салынған тағам көлбеу салынған тағамнан қысқарақ етіп беріледі.
- Өңдегеннен кейін дискіде немесе табақта әрқашан қалдықтың кішкентай бөлігі қалады.

21 Цитрус шырынын сыққыш

(берілген болса)

- a Конус
- b Елеуіш

Цитрус шырынын сыққышты қолдану үшін

- 1 Жетекші білік пен табақты қуат бөлігіне салыңыз.
- 2 Елеуішті табаққа салыңыз, елеуіш тұтқасының табақ тұтқасындағы қалыпта тікелей құлыпталуын қамтамасыз етіңіз.
- 3 Ол толық төмен түскенше, конусты жетекші біліктің үстіне салыңыз.
- 4 Жемісті екіге бөліңіз. Одан кейін қосыңыз және жемісті конусқа салып басыңыз.
- **Елеуіш дұрыс құлыптанбаса, цитрус шырынын сыққыш жұмыс істемейді.**

Пайдалы кеңестер

- Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін жемісті бөлме температурасында сақтап, шырынын сығыңыз және шырынды сықпас бұрын қолыңызбен жұмыс үстелінде айналдырыңыз.
- Шырынды сығуға көмектесу үшін, шырынды сыққан кезде жемісті бір жағынан екінші жағына қозғаңыз.
- Көп мөлшерде шырынды сыққан кезде, мәйегі мен тұқымдарының тұрып қалуының алдын алу үшін сүзгіні жүйелі түрде босатып тұрыңыз.

22/23 Шағын ұсақтағыш/

майдалағыш (берілген болса)

- a Ұсақтағыш ыдыс
 - b Тығыздауыш сақина
 - c Алмас бөлігі
- 1 Ингредиенттерді құтыға салыңыз.
 - 2 Тығыздауыш дөңгелекті алмас жинағына салыңыз.
 - 3 Алмас жинағын төменгі жағын жоғары қаратып бұраңыз. Оны алмастарын төмен қаратып құтыға батырыңыз.
 - 4 Қатты тартылмайынша алмас жинағын құтыға бұрап салыңыз. Келесі сияқты алмас жинағының төменгі жағындағы суреттерге қараңыз:
 - Құлыпталмаған қалып
 - Құлыпталған қалып
 - 5 Ұсақтағышты қуат блогына орналастырып, ұсақтағыштағы  белгісін қуат блогындағы  белгісімен туралап,  құлыптау үшін сағат тілімен бұраңыз.
 - 6 Максималды жылдамдықты таңдаңыз немесе импульс (P) функциясын пайдаланыңыз.

Пайдалы кеңестер

- Бала тағамдары/езбелер, ұнтақтағышта өңдемес бұрын пісірілген тағамның бөлме температурасында салқындатылуына мүмкіндік беріңіз.
- Көкөністерді ұнтақтаған кезде жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін, негізгі табақ ұсынылады.

24 Ұнтақтағыш (берілген болса)

- a Ұсақтағыш қақпақ
- b Ұнтақтағыштың алмас бөлігі

- 1 Ингредиенттерді алмас жинағына салыңыз.
- 2 Қақпақты салыңыз және орнына құлыптау үшін сағат тілімен бұраңыз.
- 3 Ұнтағышты қуат бөлігіне салып, құлыптау үшін сағат тілімен бұраңыз.
- 4 Жылдамдықты таңдаңыз немесе пульсті қолданыңыз (P).

Пайдалы кеңестер

- Дәмдеуіштерді өңдеген кезде оңтайлы өнімділікке қол жеткізу үшін, ұнтағышта бір уақытта 50 г көлемінен артық өңдемеуді ұсынамыз.
- Тұтас дәмдеуіштер жұпар иісін ұнтақталған дәмдеуіштерге қарағанда ұзағырақ сақтайтындықтан, жұпар иісін сақтау үшін бір уақытта кішкентай жаңа мөлшерін ұнтаған жөн.

- Ең көп жұпар иісін және эфир майларын шығарып алу үшін, тұтас дәмдеуіштерді ұнтақтағанда өте жақсы қуырылады.
- Ұнтақтағышта құрғақ куркума тамырын өңдемеңіз, себебі ол тым қатты болғандықтан, алмастарды зақымдауы мүмкін.
- Өңдемес бұрын жанжабiлдi кiшкентай бөлiктерге кесiңiз.
- Көкөнiстердi ұнтақтаған кезде жақсы нәтижелерге қол жеткiзу үшiн, негiзгi табақ ұсынылады.

25 Blend-Xtract 2GO (берiлген болса)

- Қю қақпағы
 - Бөтелке
 - Тығыздауыш дөңгелек
 - Алмас бөлігі
- Бөтелкеге ингредиенттерді 400 мл деңгей белгісіне дейін қосыңыз.
 - Жақсы араластыру үшін мұз/қатырылған ингредиенттерді үнемі бөтелкеге қосыңыз.
 - Қатырылған ингредиенттерді (қатырылған жеміс, йогурт, балмұздақ немесе мұз) қосқан кезде 60 г-нан аса немесе 3 мұз кубигін араластыруға болмайды.
 - Тоңазытылған ингредиенттерді блендерде сұйықтықсыз араластырмаңыз.
 - Тығыздауыш дөңгелекті алмас бөлігіне салыңыз, тығыздауыштың ойық аймаққа дұрыс салынған қамтамасыз етіңіз.
 - Тығыздауыш зақымдалған немесе дұрыс салынбаған болса, ағу орын алады.
 - Алмас бөлігінің астын ұстап түсіріңіз, оны алмастарын төмен қаратын бөтелкеге дейін түсіріңіз.
 - Алмас тұтқасын бөтелкеге бұрап салып, құлыптау үшін сағат тілімен бұраңыз.
 - Ингредиенттерді майдалау үшін шайқаңыз.
 - Блендерді қуат блогына орналастырып, құлыптау үшін сағат тілімен бұраңыз.
 - Максималды жылдамдықты таңдаңыз. Ингредиенттерді блендерде біркелкі күйге дейін араластырыңыз.
 - Сусыныңыз сіз қалаған консистенцияға жеткен кезде барлық ингредиенттердің әбден араласуын қамтамасыз ету үшін «Р» импульс функциясын пайдалануыңызға болады.

Пайдалы кеңестер

- Бөтелке максимум мөлшеріне (400 мл) дейін толтырылған кезде, мұны шамамен екі рет бөліп ішуге болады.

- Жеміс коктейлін дереу ішуді жоспарламасаңыз, оны тоңазытқышқа салып қойыңыз.
- Қю қақпағынан ішуге болатындай жеміс сусыныңыз жеткілікті түрде сұйық болуын қамтамасыз етіңіз. Сұйығырақ жеміс сусынын жасау үшін көбірек сұйықтық қосыңыз.
- Араластырғаннан кейін, кейбір сусындардың ингредиенттердің тұқымына немесе өзектілігіне байланысты толығымен тегіс болуы мүмкін емес.
- Кейбір сусындарды кейінге қалдырғанда олардың бөлектенуі мүмкін, сондықтан оларды дереу ішкен жөн. Бөлектелген сусындарды ішпес бұрын араластыру керек.
- Қю қақпағы салынғанда әрқашан жолда алып жүру бөтелкесін тігінен ұстаңыз.

Сусын қақпағымен

- Сағат тілімен бұрау арқылы қақпақты салып, құлыптаңыз.
- Жеміс коктейлін ішуді қалаған кезде, жай ғана қақпақ бетін тырс еткізіп ашыңыз. Сусынды тікелей бөтелкеден ішуге болады.

26 Express Dice (берілген болса)

- Текшелеп турау дискі
- Текшелеп турау торы
- Текшелеп турағыштың итергіші

Маңызды: текшелеп турау дискі тек текшелеп турау тіркемесімен бірге пайдалануға ғана арналған.

Express Dice тіркемесін пайдалану үшін

- Қуат блогына жетек білігі мен тостағанды орнатыңыз.
- Турау дискісін қосып, қақпақты орнатыңыз.
- Беріліс түтігіне турау торын орнатыңыз.
- Турау торы арқылы тағамдарды өңдеу үшін турау итергішін қосып пайдаланыңыз.

Пайдалы кеңестер

- Өңдеуге көмектесу үшін екі қолыңызды итергіштің үстіне қойып, төменге қарай біркелкі итеріңіз.
- Ең жақсы нәтижелерге жету үшін балғын жеміс пен көкөнiстердi пайдаланыңыз.
- Тағамның кептеліп қалуын болдырмау үшін тағамды беріліс түтігіне нығыздап салмаңыз – ең дұрысы тағамды келесі өлшемнен аспайтындай етіп тураған жөн:

50 × 30 мм

- Егер тордан өткізу үшін тағам тым қатты болса, оны шамамен 10–15 минут бойы пісіріңіз де, оны өңдеуден бұрын тоңазытқышта суытып алыңыз.
- Өңдеуден бұрын әрқашан тағамнан қабықтарын, сүйектерін және денектерін алып тастаңыз.

Ескертпе:

- Тағамдардың өлшемдері мен пішіндері әртүрлі болатындықтан, текшелеп турау нәтижесінде кейбір бөліктер пішінсіз болуы мүмкін, бұл — қалыпты жағдай.
- Ірімшік, ветчина және чоризо секілді тағамдар торда бітеліп қалады, сондықтан оларды бұл тіркемемен пайдалануға кеңес берілмейді.

Торды тазалау

Итергіштің ұшын текшелеп турау торында бітеліп қалған тағамдарды шығару үшін пайдаланыңыз.

26A Сондай-ақ, Express Dice тіркемесін фри картобын және крудите жасау және көкөністерді таяқша секілді турау үшін пайдалануға болады.


- 1 Турау торын турау дискінсіз орнатыңыз.
- 2 Одан кейін құрылғыны іске қосусыз тағамды тор арқылы қолмен итеріңіз.

27 Express Serve (берілген болса)

- a Express serve жетек білігі
- b Ұзарту науасы
- c Негіз
- d Ұстағыш табақша

- 1 Жетек білігі мен тостағанды қуат блогына орнатыңыз.
- 2 Кіші жетек білігін негізгі білікке орнатыңыз - **орнатылмаған болса, Express Serve құрылғысы жұмыс істемейді.**
- 3 Қажетті тіркемені/дискіні орнатыңыз - тым көп күш түсірмеңіз. Тағы басқа ақпарат пен кеңестерді алу үшін «Дискілер» және «Express Dice» бөлімдерін қараңыз.

Келесілермен бірге пайдаланыңыз:



Маңызды — Текшелеп турағыш және дискілер

- Егер тағам тағам шығысынан шықпаса, құрылғыны өшіріп, дисктің астында тағамның бітеліп қалмағанын және ұстағыш табақшаның орнатылғанын тексеріңіз. Процесті жалғастырудан бұрын кептеліп қалған тағамды тазалаңыз.

Күтім көрсету және тазалау

- Тазаламас бұрын әрқашан өшіріңіз және токтан ажыратыңыз.
- **Алмастары мен кесу дисктерін күтіммен ұстаңыз - олар тым өткір болады.**
- Кейбір тағамдар пластиктің түсін өзгертуі мүмкін. Бұл өте қалыпты жағдай және ол пластикке зиян келтірмейді және тағамның дәміне әсер етпейді. Түсінің өзгертілуін кетіру үшін өсімдік майына батырылған матамен сүртіңіз.

Қуат бөлігі

- Ылғал шүберекпен сүртіп, құрғатыңыз. Өзара құлыптау аймағында **8** тағам қалдығының жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Қуат бөлігін суға батырмаңыз.
- Артық сымды қуат бөлігінің артындағы сақтау аймағында сақтаңыз **9**.

Тазалау жөніндегі нұсқаулар — тиісті суретті қараңыз **28**.

Қызмет көрсету және тұтынушыларға кеңес

- Құрылғының жұмысында қандай да болмасын ақаулық туындайтын болса, көмек сұрамас бұрын, нұсқаулықтағы «ақаулықтарды жою нұсқаулығы» бөлімін қараңыз немесе www.kenwoodworld.com торабына өтіңіз.
- Өнім өнімді сатып алған елдегі тұтынушы құқықтары мен кез келген бар кепілдемеге қатысты барлық заңдарға сәйкес кепілдемемен берілетінін ескеріңіз.
- Kenwood өнімі дұрыс жұмыс істемесе немесе қандай да болмасын кемшіліктер табылған болса, оны өкілетті KENWOOD қызмет көрсету орталығына әкеліңіз немесе беріп жіберіңіз. Ең жақын орналасқан KENWOOD қызмет көрсету орталығының жаңартылған деректерін www.kenwoodworld.com торабынан немесе еліңізге тән веб-тораптан қараңыз.
- Біріккен Корольдіктегі Kenwood компаниясы жобалаған және жасап шығарған.
- Қытайда жасалған.



ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖАБДЫҚТЫҢ ҚАЛДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ЕУРОПАЛЫҚ (WEEE) ДИРЕКТИВАМЕН БІРГЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӨНІМДІ ДҰРЫС ТАСТАУҒА АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ МӘЛІМЕТТЕР

Өз жұмысын тоқтатқан кезде, өнім қалалық қалдық сияқты пайдаға асырылмауы керек.

Ол қалдықтарды сыныптайтын қызметті атқаратын жергілікті биліктің арнайы мекемесіне немесе осы қызметті беруші сатушының орталығына жіберілуі керек.

Күн коды туралы ақпарат сіздің өніміңіздің төменгі бөлігінде немесе кестенің іші мен жанында орналасуы мүмкін. Күн коды жыл, ай кодтарынан кейін апта нөмірі түрінде көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ: Алғашқы екі сан жылға, ал соңғы екі сан апта санына қатысты болады.

Мысалы: 2013 жылғы 1 қыркүйек 13L35

Өндірушінің мекенжайы:

Kenwood Limited, New Lane, Havant, Hampshire
PO9 2NH, UK




Шағымдарды қабылдауға өкілетті ұйым және импорттаушы:





“Делонги” ААҚ, Ресей, 127055, Мәскеу қаласы,
көше Сущевская

27 үй, 3 құрылым

Тел: +7 (495) 781-26-76

Үлгі	TYPE FDM31
Кернеу	220 - 240 В
Герц	50 - 60 Гц
Ватт	800 Вт
Сақтау шарттары	Температура: +5°C және +45°C аралығы Ылғалдылық: < 80%.
Сақтау мерзімі	Шектеусіз.
Қызмет көрсету мерзімі	2 жыл (тауарлардың арнайы түрлері үшін 5 жыл).
Тастау шарттары	Экологиялық талаптарға сай тастау керек.
Тасымалдау шарттары	Тасымалдау кезінде лақтыруға және шамадан тыс дірілдеуге жол берілмеу керек.
Сату шарттары	Сату шарттарын өндіруші белгілемейді, бірақ аймақтық, ұлттық және халықаралық ережелер мен стандарттарға сай болу керек.

Ұсынылған пайдалану кестесі				
Құрылғыңызды демалдырусыз төменде берілген уақыт шамаларынан асыра жұмыс істетпеңіз. Төмендегі кестеде көрсетілген максималды көлемдерден аспаңыз. Берілген уақыт шамаларынан ұзағырақ жұмыс істетсеңіз, құрылғыңыз зақымдалып қалуы мүмкін. Құрылғыны жұмыс істету бойынша берілген ақпарат тек анықтама ретінде қамтамасыз етілген және ол өңделетін ингредиенттерге қарай түрленуі мүмкін. Ыстық ингредиенттерді өңдемеңіз				
Құрал/ Тіркеме	Функция		 (Сек)	
	Барлығы бір кекс қоспасында	2	10	1,2 кг жалпы салмағы
	Пісірме - майды ұнға салу Нан ингредиенттерін біріктіру үшін су қосу	2 1 - 2	10 10 - 20	300 г ұн салмағы
	Балықты және майсыз етті кесу Паштет пен террин	2	10 - 30	400 г макс майсыз сиыр еті
	Көкөністерді кесу	P	5 - 10	100 г - 500 г
	Жаңғақтарды майдалау	2	30 - 60	100 г - 200 г
	Ас шөптері	2	20 - 30	30 г - 50 г
	Майонез	2	60 - 80	4 жұмыртқа сарысы
	Жұмсақ жемісті майдалау, пісірілген жеміс пен өсімдіктер	2	10 - 30	500 г
	Жұмыртқа ағы	2	60 - 120	2 - 6 (200 г)
	Шайқалған қаймақ (Өңдеу уақыты қаймақтағы май құрамына қарай түрленуі мүмкін)	2	60 - 120	250-500 мл
	Ашытылған қоспалар	2	60	340 г ұн салмағы 550 г жалпы салмағы
	Қатты текстурадағы тағамдарды үгу және турау, мысалы, сыр, картоп және осыған ұқсас тағамдар	2	-	Ыдыстағы 1,2 литр белгісінен артық толтырмаңыз
	Жұмсақ текстурадағы тағамдарды турау, мысалы қияр және қызанақ	1	-	
	Пармезан сырын майдалайды	2	-	
	Цитрус жемістерінің шырынын сығу үшін қолданыңыз (мыс., апельсин, лимон, лайм және грейпфрут)	1	-	-

Ұсынылған пайдалану кестесі				
Құрал/ Тіркеме	Функция		 (Сек)	
 	Салық сорпалар мен сусындар (Шыны сауытқа мұзды/тоңазытылған ингредиенттерді ең соңында салыңыз)	2	30 – 60	1,2 литр
	Сүт коктейльдері/Қоспалар негізіндегі салқын сүт	2	15 – 30	1 литр
	Мұзды ұсақтау	P	30 – 40	6 Мұз текшелері (125 г)
	Майды араластыру (Ең алдымен сұйық ингредиенттерді салыңыз)	1 ↓ 2	10 ↓ 50	1 литр
	Жаңғақтар	2	10 – 30	50 г
	Кофе бұршақтары	2	30	50 г
	Піспеген ет (сиыр етінен стейк) 2 см кесектерге бөліңіз	P	5	70 г
	Дәмдеуіштерді өңдеу Түйіршікті қара бұрыш, кардамон дәндері, зира дәндері, күнзе дәндері және фенхель дәндері	2	30 – 60	50 г
	Кофе бұршақтарын ұнтақтау	2		50 г
	Жаңғақтарды ұсақтау	P	-	50 г
	Сарымсақ бастарын, жас бұрыштар мен жанжабіл тамырын өңдеу	P	-	30 г
	Балғын кокос	2/P	30 – 60	40 г
	Сусындар мен смузилер	2	30 – 60	400 мл
	Сәбіз, кәді, қияр, қызылша және алма сияқты түрлі тағамдарды текшелеп турау үшін қолданыңыз.	2	-	Тостағанда белгіленген максималды көлемнен асыра толтырмаңыз
	Фри картобы мен крудите үшін картоп, сәбіз, кәді және қияр секілді әртүрлі тағамдарды турау үшін пайдаланыңыз.	Қолмен		

Ақаулықтарды жою нұсқаулығы		
Ақаулық	Себебі	Шешім
Өңдеу құралы жұмыс істемейді.	Қуат жоқ. Табақ қуат бөлігіне дұрыс салынбаған. Табақ қақпағы дұрыс құлыпталмаған	Өңдеу құралының токқа қосылғанын тексеріңіз. Табақтың дұрыс салынғанын және тұтқаның оң жақ бұрышқа орнатылғанын тексеріңіз. Қақпақтың ішкі құлпы тұтқа аймағында дұрыс салынғанын тексеріңіз. Табақ пен қақпақ дұрыс салынбаса, өңдеу құралы жұмыс істемейді Жоғарылардың ешбірі болмаса, үйіңіздегі сақтандырғышты/автоматты тексеріңіз.
Блендер, Blend-Xtract 2GO немесе ұсақтағыш жұмыс істемейді	Блендер, Blend-Xtract 2GO немесе ұсақтағыш дұрыс құлыпталмады. Блендер, Blend-Xtract 2GO немесе ұсақтағыш дұрыс құрастырылмаған.	Блендер, Blend-Xtract 2GO немесе ұсақтағыш өзара құлыпқа дұрыс орнатылмаған болса, жұмыс істемейді. Алмас бөлігінің шыны сауытқа/бөтелкеге/ұсақтағыш ыдысқа толықтай нық бекітілгенін тексеріңіз.
Өңдеу құралы өңдеп жатқанда тоқтайды	Өңдеу құралы шамадан тыс жүктелген/ максималды көлем асырылған. Қақпақ құлыпталмаған.	Ұсынылған жылдамдық диаграммасында көрсетілген максимум көлемді тексеріңіз. Қақпақтың дұрыс салынғанын тексеріңіз.
Блендер, Blend-Xtract 2GO немесе мульти-ұсақтағыш ішіндегі тағам алмас бөлігінен ағуда.	Төсемесі жоқ Төсемесі дұрыс орнатылмаған Төсемеге зақым келтірілген.	Төсеменің дұрыс орнатылғанын және зақымдалмағанын тексеріңіз. Ауыстырылатын төсемені алу үшін «Қызмет көрсету және тұтынушыларға кеңес» бөлімін қараңыз.
Құралдардың/ Тіркемелердің нашар жұмысы	Сәйкес «Тіркемені қолдану» бөліміндегі кеңестерді қараңыз. Тіркемелерінің дұрыс құрастырылғанын тексеріңіз.	
Өлшеу функциясы		
Дисплей экраны [- - -] түрінде қатады.	Жұмыс барысында дисплей экраны тұрып қалады. Дисплей «нөлге» келтірілмегендіктен және ингредиенттер немесе тостаған/қақпақ/тіркеме алынғандықтан дисплей экраны минус мәнін көрсетеді. Өлшенген мөлшер тым аз.	Қалыпты жұмыс. Экранды нөл мәніне келтіріңіз немесе жоқ болған ингредиенттерді қайта салыңыз немесе тостағанды/қақпақты/тіркемені қайта орнатыңыз. Өте кішкентай мөлшер үшін шай қасықты және ас қасықты қолданыңыз.
Дисплей экранында салмақ өзгертіледі.	Қуат бөлігі жұмыс істеу кезінде қозғалтылған.	Ингредиенттерді өлшеуден бұрын процессорды әрқашан құрғақ тегіс беткейге орналастырыңыз. Өлшеу функциясы жұмыс істеп тұрған кезде қуат блогын қозғамаңыз. Келесі ингредиенттерді өлшемес бұрын, дисплейді нөлге қойыңыз.
Дисплей экраны өшулі	Қуат блогы қуат көзінен ажыратылған Егер 5 минуттан кейін бірдей өлшем мәні көрсетілсе, дисплей экраны автоматты түрде өшеді.	Құрылғының қуат кабелін қуат көзіне жалғаңыз. ҚОСУ/НӨЛ түймесін бір рет басыңыз, дисплей экраны жанады.
Дисплей [0 – Ld] көрсетуде	Өлшеу функциясы тым аса жүктелген Қуат блогына тым көп күш түсірілген.	3 кг. шамасындағы максималды өлшеу мәнінен аспаңыз. Қуат блогына тым артық күш түсірмеңіз, себебі бұл өлшеу датчигін зақымдауы мүмкін.

Kenwood Ltd

New Lane
Havant
Hampshire
PO9 2NH

kenwoodworld.com

© Copyright 2020 Kenwood Limited. All rights reserved



141297/2